Медициналық бұйымды қолдану жөніндегі нұсқаулық

Медициналық бұйымның атауы
ОЛИЗОЛ мұрынға арналған спрей

Құрамы 1,0 мл:
Натрий гиалуронаты - 1,9 мг, глицерин - 62,5 мг, полисорбат 80 - 1,9 мг, натрий бензоаты -5,0 мг, макроголглицерин гидроксистеараты - 0,6 мг, лимон майы - 0,6 мг, альфа - токоферол ацетаты-0,1 мг, тазартылған су 1,0 мл дейін.

Сипаттамасы:
Олизол, мұрынға арналған спрей (бұдан әрі - спрей) - мөлдір немесе бозаңданатын, түссіз немесе сарғыш реңкті сұйықтық.

Қолданылу саласы:
Терапия, оториноларингология.

Қасиеттері:
Спрей ылғалдандырады, құрғақтықтың симптоматикалық көріністерін жояды (тітіркену, қышу, ашытып-күйдіру), емдеуге ықпал етеді және құрамына кіретін натрий гиалуронаттың арқасында мұрынның шырышты қабығында қорғаныс үлбірін жасайды. Гиалурон қышқылы-бұл табиғи полимер болып табылады, адам организмінде барлық жерінде болады, майлау, ылғалдандыру қасиеті және қажетті тұтқырлығы бар, бұл ылғалды ұстап тұрудың жоғары қабілетіне байланысты мұрын қуысында қорғаныш үлбірін жасауға ықпал етеді, осылайша мұрын шырышты қабығының біркелкі ұзақ уақыт ылғалдануын қамтамасыз етеді және шырышты қабықты қоршаған ортаның қолайсыз факторларының әсерінен қорғайды. Сондай-ақ, спрейдің құрамына антиоксиданттық қасиеттеріне байланысты қабынуға қарсы әсері бар рацемиялық альфа-токоферол ацетаты (Е дәрумені) кіреді.

Қолданылуы:
Спрейді 3 жастан бастап балаларға және ересектерге қолдануға болады:
- қорғаныс үлбірін жасау және мұрынның шырышты қабығын ылғалдандыру үшін;
- шамадан тыс бөлінулер мен мұрын қуысында пайда болған қабықтарды кетіру үшін;
- қоршаған ортаға, құрғақ ауаға (кондиционерлеу, жылыту) немесе операциядан кейінгі емдеуге байланысты мұрын қуысының шырышты қабығының құрғауының (қышуы, күйдіріп-ашуы, тітіркенуі) симптоматикалық көріністерін жою үшін;
- мұрын қуысының шырышты қабығынан қан кетудің жоғарылауында;

- операциялық араласудан кейін регенерацияны жеделдету үшін;
- жергілікті тамыр тарылтатын препараттарды ұзақ уақыт қолданғанда мұрын қуысының шырышты қабаты өзгерген кезде.

Қолдану тәсілі және дозалары:
Қажет болған жағдайда тәулігіне 1-3 рет әр танауға 1-2 бүркуден. Препаратты қолданудың ұзақтығы мен жиілігі шектелмейді.
Процедураны орындау:
1. Құтыдан қорғаныс қалпақшасын алыңыз;
2. Біркелкі спрей пайда болғанша бүріккіш-қондырманы бірнеше рет басыңыз;
3. Спрейді әр мұрын жолына кезекпен бүркіңіз;
4. Бүрку кезінде құтыны тік ұстаңыз, басын артқа лақтырмаңыз;
5. Қолданғаннан кейін құты қондырмасының ұшын сүрткімен тазалаңыз, қорғаныс қақпағымен жабыңыз.
Құтыны тек бір пациент қолдануы керек.

Жанама әсерлері:
Болуы мүмкін:
- спрей компоненттеріне аллергиялық реакциялар;
- енгізу орнында қысқа мерзімді күйдіріп-ашыту.

Қолдануға болмайтын жағдайлар:
Спрейдің жеке компоненттеріне жоғары сезімталдық.

Қауіпсіздік шаралары:
Қолданар алдында құтыны тексеріңіз. Егер медициналық бұйымның құтысы немесе қондырмасы зақымдалған болса, спрейді пайдаланбаңыз.

Жүктілік және лактация кезінде қолдану:
Спрейді жүктілік және бала емізу кезінде қолдануға болады.

Басқа препараттармен өзара әрекеттесу:
Интраназальды қолдануға арналған барлық препараттармен және физиотерапиялық процедуралармен үйлесімді.

Айрықша нұсқаулар
Спрей адамның психомоторлық жағдайына әсер ете алатын бұйымдарға жатпайды.

Шығарылу түрі
Қолдану жөніндегі нұсқаулығы бар картон қораптағы қорғаныш қалпағы бар бүріккіш-қондырмамен тығындалған полиэтилен құтыда 10 мл-ден.

Сақтау шарттары
25 °С жоғары емес температурада сақтау керек.
Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Жарамдылық мерзімі
3 жыл.
Қаптамада көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін спрейді қолданбаңыз.
Жарамдылық мерзімінің аяқталу күні осы айдың соңғы күні болып табылады.

Өндірушінің атауы, заңды, (нақты) мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта):
«Рубикон» ЖШҚ, БР, 210002, Витебск қ., М. Горький көш., 62Б,
тел.: +375 (212) 36-47-77; тел./факс: +375 (212) 36-37-06,
www.rubikon.by, e-mail: secretar@rubikon.by

Өндірушінің Қазақстан Республикасының аумағындағы уәкілетті өкілінің атауы, заңды, (нақты) мекенжайы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта):
«Рубикон» ЖШҚ Қазақстан Республикасындағы өкілдігі
Қазақстан, Алматы қ., Гоголь көш., 84 үй, корп. А, 316 кеңсе, пошта индексі 050000
Тел: +77079404917
Email: vrach-pharm@rambler.ru

Қазақстан Республикасының аумағында тұтынушылардан медициналық бұйым бойынша шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын ұйымның атауы және байланыс деректері (телефон, факс, электрондық пошта):
«Рубикон» ЖШҚ Қазақстан Республикасындағы өкілдігі
Қазақстан, Алматы қ., Гоголь көш., 84 үй, корп. А, 316 кеңсе, пошта индексі 050000
Тел: +77079404917
Email: vrach-pharm@rambler.ru

Медицинада қолдану жөніндегі нұсқаулықтың соңғы қайта қаралуы

XX.XX.XXXX